

Бұйрық

Приказ

30.09.2025 жыл

№ 93/1

Заңсыз ақша жинауға
тыйым салу туралы

Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңының 9-бабына сәйкес және педагогикалық ұжым мүшелерінің арасында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Педагогикалық ұжымдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес нысандары мен әдістерін жетілдіру мақсатында сынып жетекшілеріне, пән мұғалімдеріне, мектеп әкімшілігіне:

1) ата-аналардан (заңды өкілдерден) жөндеу жүргізуге, құрал-жабдықтар мен жиһаздарды сатып алуға, мектепті жинауға, педагогикалық ұжымға сыйлықтар беруге, білім беру ұйымының аттестациясын өткізуге, мерекелік іс-шараларға және басқа да мақсаттарға мәжбүрлеп ақша қаражаттарын жинауға тыйым салынсын;

2) педагогикалық ұжым және ата-аналар комитетінің мүшелері арасында мектептің, сыныптың, іс-шаралардың қажеттіліктері үшін заңсыз ақша жинау мәселесі бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілсін;

3) ата-аналардан заңсыз ақша жинауға жол берген сынып жетекшілерге, мұғалімдерге қатаң шара қолданылсын.

2. Осы бұйрық орындалмаған жағдайда лауазымынан босатуға дейін қатаң тәртіптік шаралар қолданылсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директорының м.а.



А.Қожахмет